

Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 304 қаулысы

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы»
2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес санда офицерлер құрамының лауазымдарында
әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы
офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2016 жылы екі жыл мерзімге әскери
қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 30 мамырдағы
№ 304 қаулысына
қосымша

2016 жылы әскери-есептік мамандықтар бойынша әскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлердің саны

Р / с №	Әскери-есептік мамандық	Саны
Офицер		
1.	Әскери-медициналық қызмет	50
2.	Артиллерия	80
3.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі	40
БАРЛЫҒЫ		170